

# *МОНОПОЛИЯ ТҮРЛЕРІ*





- *Концерн (лат. consern – қатысу, мүдде) – өндірісті араластыру және әртараптандыру негізінде өнеркәсіп орындарын, көлікті, сауданы, ғылыми зерттеу мекемелерін, оқу орталықтары мен сынақ полигондарын бірлестірудің ең кең таралған қазіргі заманғы түрі; қаржы жөнінен бірыңғай бақылаудағы түрлі салалар кәсіпорындарының монополистік бірлестігі. Оны басқа монополистік пішіндерден өзгеше ететін ерекшеліктер: кәсіпорын ерікті келісім негізінде бірікпейді, акцияларды аса ірі компаниялардың, көбінесе, Концернді басқаратын холдингілік компаниялардың сатып алуы жолымен қаржы тәуелділігін орнату нәтижесінде бірігеді. Концерннің құрамына өнеркәсіптік компаниялардан басқа көлік және сауда кәсіпорындары, банктер мен басқа да қаржы мекемелері кіреді.*

# *КОНЦЕРН*

## Картель

- *Картель[1] (французша cartel, италиянша cartello – құжат) – бір тұрпатты өнім өндіруші кәсіпкерлер тобының өнім өндіру, өткізу рыноктарын монополиялау, бәсекені шектеу, шикізат көздерін, рыноктарды бөлісу, бағаға бақылау орнату мақсатымен келісуі негізінде құрылатын ерікті қауымдастығы (бірлестігі). Картель құру туралы келісім шартпен рәсімделеді және ол құпия құрылады. Келісімге қатысушылар өндірістік және коммерциялық дербестікті, сондай-ақ, заңи тұлға мәртебесін сақтайды, олардың іс-қимылдар еркіндігі тек келісім ауқымымен ғана шектеледі. Жекеше, мемлекеттік, ұлттық және шетелдік, сондай-ақ, аралас кәсіпорындар мен фирмаларды да біріктіруі мүмкін. Кейде “Картель ” термині өнім шығаруды қысқарту, өзара бәсекені реттеу жолымен қатысушының әрқайсысы үшін жоғары пайда алу, тұтынушы үшін жоғары баға белгілеу кепілдігімен компаниялар арасында жасасылған заңсыз келісім*

## Синдикат

- *Синдикат (латынша syndicatus — құрама, бірлестік) — тар аядағы белгілі бір мақсатқа жету үшін екі және одан көп меншік иелерінің немесе фирмалардың бірігуі.[1] Монополия нысандарының бірі, құрамына кірген кәсіпорындардың өндірістік және заңды дербестіктерін сақтай отырып, коммерциялық қызметті (баға белгілеу, өнім өткізу, т.б.) жүзеге асыруды мойнына алатын кәсіпкерлердің бірлестігі.*



## Трест

*Трест (ағылш. trust – сенім) – бір немесе бірнеше сала кәсіпорындарының өндірістік және коммерциялық дербестігін жоя отырып құрылған монополиялық бірлестігі.*

*Трест әдетте акционерлік қоғам түрінде құрылады. Кәсіпкерлер – кәсіпорындардың иелері трест*

*ке кіргенде оның акционерлеріне айналады, бұл орайда олардың кәсіпорындары бірыңғай басшылыққа бағынады. Тресттің басында бірлестікке кірген барлық кәсіпорындардың өнім өндіруді, өткізуді, қаржы операцияларын басқаратын басқарма тұрады. Трестке әрбір қатысушы салған ка*

*питалының үлесіне сәйкес белгілі бір акциялар пакетіне, басқаруға қатысу құқығына ие болады және пайданың белгілі бір үлесін алады.*

## Конгломерат

*• Конгломерат — құрамында үлкендігі әр қилы және түрлі жолмен пайда болған құм, жұмырланған қиыршық тас, қой тас сияқты қоспалары бар цементтелген малта тас түрінде кездесетін кесек тау жынысы.*